А.М. Кудайбергенова, Р.Т. Кудайберген

# ҚАЗАҚ ТІЛІ



# 2

*Издание третье, переработанное и дополненное*

Рекомендовано Министерством образования и науки
Республики Казахстан

Алматы • «Раритет» • 2009

**ББК 81.2Каз-я71**
**К88**

*Рецензенты:* доктор педагогических наук,
профессор **Ф.Ш. Оразбаева**

кандидат педагогических наук,
заведующая кафедрой методики
преподавания английского языка,
профессор **Т.Д. Кузнецова**

Учебно-методический комплекс «Қазақ тілі» для 2-го класса школ с русским языком обучения А.М. Кудайбергеновой состоит из данного учебника, рабочей тетради, методического руководства по его использованию и диска

**Кудайбергенова А.М., Кудайберген Р.Т.**
К88 Қазақ тілі: Учебник для 2-го класса общеобразоват. школ с русским языком обучения. — Алматы: Раритет, 2009. — 80 с., илл.

ISBN 978-601-250-020-2

Материал учебника сгруппирован по темам, отражающим социально-бытовую, социально-культурную и учебную сферы общения. На каждую тему отводится три урока, что создает условия для тренировки речи по каждой теме на уроке и обеспечивает функционирование всех видов речевой деятельности – говорения, аудирования, чтения и письма.

Грамматика вводится через сказки. Раздел «Есіңде ме?» учит детей самокоррекции и самоконтролю.

**К $\frac{4602020400-15}{413(05)-09}$ Без объявл.** **ББК 81.2Каз-я71**

**ISBN 978-601-250-020-2**

© А.М. Кудайбергенова, 2009
© ТОО Издательская компания «Раритет», 2002, 2005, 2009

# *Құрметті әріптестер!*

Қолдарыңыздағы бұл оқулық мұғалім, әдіскер, ғалымдардың ұсыныстарын ескере отырып, толықтырылып, өңделген жаңа нұсқа. Оқулық жөнінде қысқаша айтар болсақ, ондағы басты оқу объектісі – мәтін, қалған тапсырмалар тақырыпты ашуға, игеруге және берілген тақырып бойынша лексикалық қор қалыптастыруға бағытталған. Бұл тапсырмаларды орындау барысында оқу материалы оқушылардың сөйлесу әрекетінде сан рет қолданылып, олардың жадында тұрақты сақталып қалады. Оқулықта жаңа сөздерді беру реті өзгерген. Егер ескі нұсқасында жаңа сөздерді дайын сөз тіркестерінде тек оқу керек болса, жаңасында оқушылар оларды өздері құра алады. Мұндай жұмыс сөздердің мағынасын білуді талап етеді, бұл, сөзсіз, оқушылардың сабаққа деген жауапкершілігін арттыра түседі. Сонымен қатар, олар кез келген жаңа сөзден өз бетінше сөз тіркесін құруды үйренеді.

Тілге үйретудің екінші маңызды объектісі – бұл грамматика. Әу бастан грамматиканы дұрыс пайдалануды үйрету мақсатында оқушылардың назарын тапсырмалардағы грамматикалық формалардың неге және қалай өзгеріп тұратындығына аударуға тырыстық. Бұл жұмыстар арқылы олар сөздегі дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке түрін ажыратуды үйренумен қатар, айтуына қарай жіктік, етістік жалғауларының өзгеруін, сұраулы шылаулар мен көптік жалғауларды сөздегі соңғы әріпке байланысты қолдану ретін түсіне алады. Ал осы жаттығуларды ауызша орындау барысында грамматиканы қатесіз қолдану деңгейін меңгереді. Сондықтан мұндай жаттығулар оқулықта да, жұмыс дәптерінде де кеңінен берілген. Грамматиканы сауатты игеруге арналған жұмыстың бірі – ойындар. Ойындар да кітаптағы бір жаңалық. Олар сұраулы шылау, тәуелдік жалғау, жіктік жалғауларды коммуникативтік тұрғыдан меңгеруге бағытталған.

Лексиканы игеру де жаңа технологияларға негізделіп дайындалған. Мысалы, мәтінді өткеннен кейін, ондағы алынып тасталған сөздерді тауып жазу, сөйлемнің соңғы сөзін жазу, сәйкестендіру, диалогты аяқтау сынды жаттығуларда сөзді есте сақтап қалу көзделген. Сонымен бірге өткен сөздерді есте сақтап, ұмытпауға бағытталған жұмыстар сөзжұмбақ, ребус, сурет арқылы берілген. Сол сияқты, «Есіңде ме?» деген тақырыппен, өткенді қайталап, пысықтауға арналған бес бақылау жұмысы ұсынылып отыр. Тіл үйренудегі басты дағдылардың бірі – естігенін түсіну үшін тыңдауға негізделген жаттығулардың көбісі әдістемелік нұсқауда берілмекші. Ал оқулықта әуелі мәтін тыңдалады да, содан соң оқушылар мәтіннің алдында берілген сұраққа жауап беруі тиіс. Мұндай жұмыс тіл үйренудегі ең қиын тұсы – тыңдау арқылы түсіну дағдысын қалыптастырады.

Құрметті әріптестер! Сіздердің жұмыстарыңызға осы оқулықтың көмегі тиер деген ниетімізді білдіре отырып, бұған қосар ұсыныстарыңыз бен ойларыңызды төмендегі мекен-жайға жолдауларыңызды сұраймыз:

**«Раритет» баспа компаниясы**
**Алматы қаласы, Масанчи көшесі, 98**
**Тел./факс: 8 (727) 292-87-18, 260-67-08**



# 1–3 САБАҚ

## БІЗДІҢ МЕКТЕП

**Жаңа сөздер:**

| | |
|---|---|
| таза | жарық |
| қабырға | айна |
| ілулі тұр | біздің |

### Сәйкестендіріңдер

біздің
ақ

мектеп
қабырға

таза
айна
қабырға

көше
бөлме
ілулі тұр




### Сұрақтар бойынша суреттеңдер

1. Оқушылар қайда жүр? 2. Олар не істеп жүр? 3. Олар не киген? 4. Қабырғада не ілулі тұр? 5. Сыныпта не бар?

### Мәтінді тыңдаңдар да, «Сыныптар қандай?» деген сұраққа жауап беріңдер

Біздің мектеп үлкен, таза және жарық. Біздің мектепте асхана, кітапхана, спортзал бар. Біздің мектепте сыныптар таза және жарық. Біздің мектепте гүлдер көп. Гүлдер әдемі. Қабырғада айна, стенд, сағат ілулі тұр.

### Мәтінді оқыңдар

### Сұрақтарға жауап беріңдер

1. Біздің мектеп қандай?
2. Біздің мектепте не бар?
3. Біздің мектепте не көп?
4. Сыныптар қандай?
5. Гүлдер қандай?
6. Қабырғада не ілулі тұр?

### Бос орынға керекті сөздерді жазыңдар

Біздің мектеп таза және ............................. . Қабырға ...................
Қабырғада айна ілулі ................................ .



# ГРАММАТИКА

| ЖУАН | ЖІҢІШКЕ |
| --- | --- |
| *А, о, ы, у, ұ* | *ə, ө, ү, і, е* |
| *Орман, ...* | *Көше, ...* |

## *Сөздерді екі бағанға жазыңдар. (жуан/жіңішке)*

Мектеп, бор, сынып, дəптер, қалам, өшіргіш, сызғыш, терезе, тақта, есік.

## *Артығын сызып тастаңдар. (жуан/жіңішке)*

1. Алматы, Атырау, Қостанай, ~~Өскемен~~.
2. Тау, өзен, көл, күн.
3. Үш, екі, бір, төрт, он.

## *Жұппен жұмыс істеңдер*

1. Сен екінші сыныпта оқисың ба?
   Иə, мен екінші сыныпта оқимын.
2. Сен сабақта жазасың ба?
3. Сен сабақта оқисың ба?
4. Сен сабақта тыңдайсың ба?
5. Сен үзілісте демаласың ба?
6. Сен үзілісте жүресің бе?
7. Сен үзілісте сөйлесесің бе?

## *Сөйлемдерді аяқтаңдар жəне сөйлесіңдер*

*Сен нешінші мектепте оқисың?*

*Мен алтыншы мектепте оқи....*

*Сен нешінші сыныпта оқисың?*

*Мен екінші сыныпта оқи....*

*Сен сабақта не істейсің?*

*Мен сабақта жаза..., оқи..., тыңдай...*

*Сен үзілісте не істейсің?*

*Мен үзілісте демала... , жүре..., сөйлесе...*



# 4–6 САБАҚ

## САБАҚТА

**Сәйкестендіріңдер**

*Жаңа сөздер:*

| | |
|---|---|
| баға | сұрақ қояды |
| күнде | жауап береді |






### *Сұрақтар бойынша суреттеңдер*

1. Оқушылар қайда отыр?
2. Олар не істеп отыр?
3. Сыныпта не бар?
4. Қабырғада не ілулі?

### *Мәтінді тыңдаңдар да, «Кім баға қояды?» деген сұраққа жауап беріңдер*

Бізде күнде 4 немесе 5 сабақ болады. Сабақ 45 (қырық бес) минут жүреді. Біз сабақта тыңдаймыз, жазамыз, оқимыз. Мұғалім сабақ сұрайды, сұрақ қояды, баға қояды. Біз қазақ тілі сабағында қазақша сөйлейміз.

### *Мәтінді оқыңдар*

### *Сұрақтарға жауап беріңдер*

1. Сендерде күнде неше сабақ болады?
2. Сендер сабақта не істейсіңдер?
3. Мұғалім сабақта не істейді?
4. Қай сабақта қазақша сөйлейсіңдер?



# ГРАММАТИКА

| Мен барамын<br>Біз барамыз | Мен келемін<br>Біз келеміз |
|---|---|

## Сәйкестендіріңдер

| | |
|---|---|
| Мен<br>Біз | жазамыз<br>оқимын<br>сұрақ қоямын<br>қайталаймыз<br>жауап беремін |

## *Жұппен жұмыс істеңдер*

### А

1. Сен сабақта жазасың ба?
   Иә, мен сабақта жазамын.
2. Сен сабақта оқисың ба?
3. Сен сабақта сұрақ қоясың ба?
4. Сен сабақта жауап бересің бе?

### Ә

1. Сен сабақта баға қоясың ба?
   Жоқ, мен сабақта баға коймаймын.
2. Сен сабақта жүгіресің бе?
3. Сен сабақта секіресің бе?
4. Сен сабақта ойнайсың ба?

## *Сөйлесіңдер*

Сендер қазақ тілі сабағында не істейсіңдер?



Біз қазақ тілі сабағында қазақша сөйлейміз, сұрақ қоямыз, жауап береміз



# 7–9 САБАҚ

## АСХАНА

**Жаңа сөздер:**
асхана
перде

### Сәйкестендіріңдер






### Мәтінді тыңдаңдар да, «Асханада неше терезе бар?» деген сұраққа жауап беріңдер

Біздің мектепте асхана бар. Асхана үлкен, таза және жарық. Асханада 4 терезе бар. Терезеде перде ілулі тұр. Асханада гүлдер көп. Олар әдемі. Қабырғада суреттер, айна ілулі тұр. Үзілісте асханада оқушылар және мұғалімдер тамақ ішеді, компот, шай, кофе ішеді.

### Мәтінді оқыңдар

### Сұрақтарға жауап беріңдер

1. Біздің мектепте не бар?
2. Асхана қандай?
3. Асханада неше терезе бар?
4. Терезеде не ілулі тұр?
5. Асханада не көп?
6. Гүлдер қандай?
7. Қабырғада не ілулі тұр?
8. Үзілісте асханада кімдер тамақ ішеді?
9. Асханада не ішеді?

### Айтыңдар

*Не жарық болады?*

айна
доп сынып
үй шөп асхана күн

*Үлгі: Үй жарық болады.*

*Не ілулі тұрады?*

сағат
парта орындық пальто
тақта өшіргіш

*Сағат ілулі тұрады.*




## Сурет бойынша сөйлем құрыңдар

1. Бұл не? 2. Ол қандай? 3. Онда не бар?



1



2



3

## Суретке қарап, тиісті санды жазыңдар

☐ Кітапхана ☐ Қабырға ☐ Сынып

## Керекті сөздерді жазыңдар

1. Терезеде перде .................... ........ .
2. Қабырғада айна ...................... ......... .
3. Асханада адамдар тамақ ................ .
4. Асханада адамдар компот ................ .
5. Асханада гүлдер ........... .

## Сөйлесіңдер

1. Сен асханада тамақ жейсің бе?
3. Сен асханада шай ішесің бе?



2. Иә, мен асханада тамақ жеймін.
4. Иә, мен асханада шай ішемін.



1. Сен асханада не жейсің?
3. Сен асханада не ішесің?



2. Мен асханада картоп, котлет, манты жеймін.
4. Мен асханада шай ішемін. (компот, айран)



# 10–12 САБАҚ

## БІЗДІҢ АУЛА

**Жаңа сөздер:**
аула
құм
көңілді
әткеншек
темір

### Сөз тіркесін құрастырыңдар

үлкен, ыстық, аула, кішкентай, көңілді, құм, қызыл, сары

көңілді — адам, қыз, кино, бала

ағаш, үлкен, сары — әткеншек



### Сұрақтар бойынша суреттеңдер

1. Балалар қайда жүр?
2. Балалар не істеп жатыр?
3. Әже не істеп отыр?
4. Қыз не істеп жатыр?

### Мәтінді тыңдаңдар да, «Үлкен балалар не ойнайды?» деген сұраққа жауап беріңдер

Біздің аула үлкен. Біздің аулада әткеншектер бар. Біздің аулада үлкен және кішкентай балалар көп. Үлкен балалар волейбол, баскетбол және футбол ойнайды. Кішкентай балалар әткеншек тебеді, қуыршақ ойнайды, құмда ойнайды. Біздің аула көңілді.

### Мәтінді оқыңдар

### Сұрақтарға жауап беріңдер

1. Біздің аула қандай?
2. Біздің аулада не бар?
3. Үлкен балалар не ойнайды?
4. Кішкентай балалар не ойнайды?
5. Сен не ойнайсың?



# ГРАММАТИКА

***КІМДЕР?*** ***НЕЛЕР?***

| | | |
|---|---|---|
| бала | – | лар |
| түйе | – | лер |

## *Жазыңдар: лар/лер*



алма



алмалар



тау



тау.....



жұмыртқа



жұмыртқа....



шие



шиелер



дәптер



дәптер....



кесе



кесе....

## Сәйкестендіріңдер



............. қозы

-ЛАР

сиыр

қой

түйе

қозы

ешкі

бала

-ЛЕР

## *Сөйлесіңдер*

1. Сен аулада ойнайсың ба?
3. Сен аулада не ойнайсың?

2. Иә, мен аулада ойнаймын.
4. Мен аулада доп ойнаймын. (футбол, асық)

Иә, мен қуыршақ ойнаймын.

Сен қуыршақ ойнайсың ба?

Жоқ, мен қуыршақ ойнамаймын.



# 13 САБАҚ

## 1-ОЙЫН

Ойын шарты 70-бетте.

### *БҰЛ ҚОЯН БА?*

*Сынып*: – Бұл көз бе?
*1-ойыншы*: – Жоқ, бұл көз емес.

*Сынып*: – Бұл қоян ба?
*1-ойыншы:* – Иә, бұл қоян.

   

   

   

мұз тиін
аспан көз
күн
түн

жұлдыз
қыз
кілем тиын
сәбіз қоян

## Тоғыз сөзді табыңдар

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Т | Қ | А | Р | Б | Ы | З | А | Қ | Н | О | П | Т | В | Ы |
| Р | П | О | К | Ү | Д | У | Р | А | Ә | К | Ғ | Ү | Р | А |
| К | Ө | Б | Е | Л | Е | К | Т | Й | Б | І | Л | Й | М | Е |
| Н | Ұ | О | Н | З | И | Һ | Ө | Ш | І | Л | Д | Е | Г | Қ |
| О | Р | Ы | Н | Д | Ы | Қ | Т | Ы | Н | Т | З | Ш | Н | Ү |
| А | П | О | Д | Э | Ұ | Т | Ә | И | Б | Д | К | Ә | С | А |
| Д | Ү | Х | Б | А | Л | А | П | А | Н | О | Е | Қ | Ә | Й |
| Қ | Р | А | В | Ө | К | П | Й | Д | Э | В | С | Ү | І | Н |
| Һ | С | А | Ң | Ы | Р | А | У | Қ | Ұ | Л | А | Қ | П | А |













# 14–15 САБАҚ

## № 1. ЕСІҢДЕ МЕ?

### *ЛЕКСИКА*

### *1. Артығын сызып таста*

Өшіргіш, сызғыш, күнделік, тау
Жазамыз, оқимыз, ұйықтаймыз, тыңдаймыз
Арыстан, қасқыр, қоян, тақта

### *2. Керекті сөздерді жаз*

Сыныпта оқушылар ........................ .
Қабырғада айна ................ ...... .
Біздің мектеп таза және ................ .
Бізде 6 сабақ ................ .
Мұғалім сұрақ ................ .
Біз жауап ................. .
Асханада оқушылар ..................  ......................... .
Кішкентай балалар құмда ................... .

### *3. Кестені толтырыңдар*

Орманда, қоян, ата, бала, үкі, үйде.

| Кім? | Не? | Қайда? |
|---|---|---|
| | | |
| | | |



## 4. Сәйкестендір

аспан

ай қара

тоғыз күн ақ

түс жұлдыз сегіз сан

қызыл екі

## *5. Грамматика*

***Жаз: мыз/мын***

Біз сабақта жаза... .

Мен үйде демала... .

Біз сабақта оқи... .

***Жаз: лар/лер***

Кірпі... .

Шырша... .

Түлкі... .

Аю... .

## *6. Жаз: ба/бе, иә, жоқ*

1. Сен аулада ойнайсың ... ? ... , мен аулада ойнаймын.
2. Сен сабақта жүгіресің ... ? ... , мен сабақта жүгірмеймін.

## 7. Сәйкестендір



Б..............................



П..............................



Б..............................



*Ш А Ң Ғ Ы*

# 16–18 САБАҚ

## АЛАҢДА

**Жаңа сөздер:**

| | |
|---|---|
| ұнайды | әрқашан |
| алаң | қуыспақ |
| қызық | маған |
| ойын | саған |

### Сәйкестендіріңдер




### Желектің ішіне тиісті сөздерді жазыңдар




### Сұрақтар бойынша суреттеңдер

1. Балалар қайда жүр?
2. Олар не ойнап жатыр?
3. Олар не киген?
4. Суретте тағы кім бар?



### Мәтінді тыңдаңдар да, «Қыздар не істейді?» деген сұраққа жауап беріңдер

Біздің аула үлкен. Аулада үлкен алаң бар. Алаңда әрқашан балалар ойнайды. Қыздар секірмек секіреді, қуыршақ ойнайды. Балалар алаңда футбол ойнайды. Кейде біз қуыспақ ойнаймыз. Бұл өте көңілді ойын. Маған алаңда ойнаған ұнайды.

### Сұрақтарға жауап беріңдер

1. Біздің аула қандай?
2. Аулада не бар?
3. Бұл қандай ойын?
4. Қыздар не істейді?
5. Балалар қандай ойын ойнайды?
6. Біз кейде қандай ойын ойнаймыз?
7. Алаңда әрқашан кімдер ойнайды?
8. Саған алаңда ойнаған ұнайды ма?



# ГРАММАТИКА

***КІМДЕР?*** ***НЕЛЕР?***

| | | |
|---|---|---|
| тауық | — | тар |
| ит | — | тер |

## *Жазыңдар: тар/тер*







## Сәйкестендіріңдер







-ТАР

жастық ит
пышақ
балық кілт
ыдыс

-ТЕР

## *Сөйлесіңдер*

1. Сен аланда ойнайсың ба?
3. Сен аланда не ойнайсың?

2. Иә, мен аланда ойнаймын.
4. Мен аланда қуыспақ ойнаймын. (футбол, асық)

Саған аланда ойнаған ұнай ма?

Иә, маған аланда ойнаған ұнайды.



# 19 САБАҚ

## 2-ОЙЫН

Ойын шарты 70-бетте.

### *БҰЛ АТ ПА?*

*Сынып*: – Бұл ит пе?
*1-ойыншы*: – Жоқ, бұл ит емес.

*Сынып*: – Бұл ат па?
*1-ойыншы:* – Иә, бұл ат.














кілт сағат есік бұлт көйлек моншақ

қуыршақ тарақ қасық орындық балық қолғап



## Жазыңдар





# 20–22 САБАҚ

## САЯБАҚТА

**Жаңа сөздер:**
конаққа
демалыс
сусын

### Бос орынға жаңа сөздерді жазыңдар












### Сұрақтар бойынша суреттеңдер

1. Балалар қайда жүр?
2. Олар не киген?
3. Клоун қызға не беріп жатыр?
4. Бала не жеп тұр?
5. Суда не жүзіп жүр?

### Мәтінді тыңдаңдар да, «Саябақта не көп?» деген сұраққа жауап беріңдер

Саябақта өте көңілді. Саябақта музыка ойнайды. Демалыста саябақта адамдар өте көп болады. Балалар жүгіреді, демалады, ойнайды. Саябақта балмұздақ, шоколад, сусындар сатады. Балалар балмұздақ, шоколад жейді, сусындар ішеді. Саябақта әткеншектер көп. Балалар әткеншек тебеді. Маған саябақта қыдырған ұнайды.

### Мәтінді оқыңдар

### Сұрақтарға жауап беріңдер

1. Қайда өте көңілді?
2. Саябақта не ойнайды?
3. Саябақта кімдер көп болады?
4. Балалар не істейді?
5. Саябақта не сатады?
6. Балалар не ішеді, не жейді?
7. Саябақта не көп?
8. Балалар не тебеді?



### Жаңылтпаш жаттаңдар

Дүкенде ара балы бар.
Ара балын сатып ал.



# ГРАММАТИКА

***КІМДЕР?*** ***НЕЛЕР?***

| | | |
|---|---|---|
| қыздар | – | дар |
| күн | – | дер |

## *Жазыңдар: дар/дер*


піл


пілдер


гүл


гүл.....


сәбіз


сәбіз....


қалам


қаламдар


қоян


қоян....


жұлдыз


жұлдыз....


кілем

## Сәйкестендіріңдер

-ДАР

қол
киім
сусын
түн
кілем
жол

-ДЕР

## *Сөйлесіңдер*

1. Сен саябаққа барасың ба?
3. Сен саябақта не істейсің?



2. Иә, мен саябаққа барамын.
4. Мен саябақта жүремін, ойнаймын, демаламын.





# 23 САБАҚ

## 3-ОЙЫН

Ойын шарты 71 – бетте

### *БҰЛ ҚАЙШЫ МА?*

*Сынып*: – Бұл терезе ме?
*1-ойыншы*: – Жоқ, бұл терезе емес.

*Сынып*: – Бұл қайшы ма?
*1-ойыншы:* – Иә, бұл қайшы.














қарға қияр піл қайшы айна бала

терезе шана сиыр шаңғы кірпі тау



# СӨЗЖҰМБАҚ «МЕН НЕ ІСТЕЙМІН?»

*Тордың ішіне керекті етістіктерді жазыңдар*




1. Мен айнаға .................. .
2. Мен түнде ......................... .
3. Мен сыныпқа ............... .
4. Мен су ................ .
5. Мен шаңғы ................. .
6. Мен кітап ................. .
7. Мен сабақ ................. .
8. Мен есікті .................... .
9. Мен доп .................. .
10. Мен сөмкеге кітап ................. .



# 24–26 САБАҚ

## СЫРҒАНАҚТА

**Жаңа сөздер:**
сырғанақ
құлайды
мұз
біреулер

### Бос орынға жаңа сөздерді жазыңдар












### Сұрақтар бойынша суреттеңдер

1. Балалар қайда жүр?
2. Олар не киген?
3. Балалар не істеп жүр?
4. Сатушы не сатып тұр?
5. Сырғанақта көңілді ме?

### Мәтінді тыңдаңдар да, «Мұзда кімдер билейді?» деген сұраққа жауап беріңдер

Қыста балалар сырғанаққа барады. Сырғанақта өте көңілді. Сырғанақта музыка ойнайды. Адамдар көп болады. Сырғанақта адамдар коньки тебеді. Фигуристер мұзда билейді. Мұзда біреулер құлайды, біреулер құламайды, өйткені олар конькиді жақсы тебеді. Маған сырғанақ ұнайды.

### Мәтінді оқыңдар

### Бос орынға керекті сөздерді жазыңдар

1. ............... балалар сырғанаққа барады?
2. ............. өте көңілді?
3. Сырғанақта ...... ойнайды?
4. ............. көп болады?
5. Сырғанақта адамдар ...... істейді?
6. Фигуристер .............. билейді?
7. Сырғанақта .............. құлайды?

### Сұрақтарға жауап беріңдер

Кімдер?
Не?
Қайда?
Кімдер?
Қайда?
Қашан?
Не?



# ГРАММАТИКА

***КАЙДА?*** ***КІМГЕ?*** ***НЕГЕ?***

| | | |
|---|---|---|
| бала | – | ға |
| үй | – | ге |
| тауық | – | қа |
| ит | – | ке |

| | |
|---|---|
| қояды | келеді |
| салады | береді |
| береді | |

***Әже кімге не береді?***






## *Салыстырыңдар*




## *Жазыңдар: -қа, -ге*

Адамдар → дүкен, үй..., бөлме..., сынып... → келеді, кіреді

## *Оқыңдар*

қояды → үстелге, жерге, аулаға

салады → тамаққа, қалтаға, шайға

## *Сөйлесіңдер*








## 27–29 САБАҚ

# ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫСТА

**Жаңа сөздер:**
шығады
қазір
ешқайда
ертең

### Бос орынға жаңа сөздерді жазыңдар

- көктем, келеді, шығады, қыс
- жоқ, бармайды, болмайды
- барамын, оқимын, жаңбыр жауады



**Апта күндері:**
1. Дүйсенбі
2. Сейсенбі
3. Сәрсенбі
4. Бейсенбі
5. Жұма
6. Сенбі
7. Жексенбі

### Мәтінді тыңдаңдар да, «Бейсенбіде Болат қайда барады?» деген сұраққа жауап беріңдер

Болат қазір қысқы демалыста. Демалыста Болат үйде отырмайды. Ол дүйсенбіде тауға барады, сейсенбіде циркке барады, сәрсенбіде Асанға барады, бейсенбіде киноға барады, жұмада сырғанаққа барады, сенбіде қонаққа барады, ал жексенбіде ешқайда бармайды, өйткені демалыс аяқталады. Болат ертең мектепке барады.

### Мәтінді оқыңдар

### Бос орынға керекті сөздерді жазыңдар

1. Демалыста Болат ............... отырмайды?
2. Ол ............... тауға барады?
3. Ол сәрсенбіде .................. барады?
4. Жұмада сырғанаққа бара ......... ?
5. .................. сенбіде қонаққа барады?
6. Ол ............ жексенбіде ешқайда бармайды?

### Сұрақтарға жауап беріңдер

Неге?
Кімге?
Қайда?
Қашан?
Кім?




## Суретке қараңдар және айтыңдар

1. Суретте қандай жыл мезгілі?
2. Суретте не бар?
3. Суретте кімдер бар?
4. Олар не істеп жүр?
5. Олар не киген?

## Сәйкестендіріңдер

| | |
|---|---|
| Циркке → | қызық |
| Циркте | барамын |
| Тауға | ағаш өседі |
| Тауда | шығамын |
| Үстелге | гүл тұр |
| Үстелде | қоямын |
| Үйге | отыр |
| Үйде | келді |

## Тиісті жалғауды жазыңдар

дала...

үзіліске ← шығады қайда? → тау...

көше...

## Сөйлесіңдер

1. Сен қысқы демалыста қайда барасың?
4. Мен тауға барамын.
Онда шанамен сырғанаймын.



2. Мен қысқы демалыста сырғанаққа барамын.
3. Сен ше?



# 30–32 САБАҚ

## АСХАТ

***Ертегі қандай болады? Жазыңдар.***

ертегі

**Жаңа сөз:**
*ертегі*



***Сұрақтар бойынша суреттеңдер***

1. Суретте кім бар?
2. Ол не киген?
3. Ол не істеп отыр?
4. Суретте нелер бар?
5. Қабырғада не ілулі тұр?

***Мәтінді тыңдаңдар да, «Асхат нешеде?» деген сұраққа жауап беріңдер***

Асхат – оқушы. Ол екінші сыныпта оқиды. Ол жақсы оқиды. Ол тоғызда. Ол Алматыда тұрады. Асхат ертегі оқығанды, футбол ойнағанды, мультфильм қарағанды жақсы көреді. Асхаттың мысығы бар. Ол мысықпен ойнайды.

***Мәтінді оқыңдар***

***Бос орынға керекті сөздерді жазыңдар***

1. Асхат .....?
2. Асхат ................. сыныпта оқиды?
3. Ол жақсы оқи(ды) ..... ?
4. Асхат ..................... ?
5. Асхат ............. тұрады?
6. Ол ........ істегенді жақсы көреді?
7. Асхатта ...... бар?
8. Ол ............ ойнайды?

***Сұрақтарға жауап беріңдер***

Немен?
Қайда?
Не?
Ма?
Нешеде?
Не?
Кім?
Нешінші?



## Бос орынға керекті сөздерді жазыңдар

– Сенде мысық бар ма?
– Иә, менде ................ бар.
– Оның аты қалай?
– Оның ...... Ақмұрын.
– Ақмұрын не жақсы көреді?
– Ол сүт, ет, ............... көреді.
– Сен Ақмұрынмен ойнайсың ба?
– Иә, мен Ақмұрынмен ..................... .
– Ол не істегенді жақсы көреді?
– Ол секіргенді, ұйықтағанды жақсы ................. .

## Керекті сөздерді жазыңдар

1. Асхат мысыққа сүт .................... .
2. Ол мысықпен ................. .
3. Ол сөмкеге қаламдарды ................... .
4. Айгүл терезеге гүлді ............. .
5. Оқушылар сыныпқа ............... .
6. Бізге қонақ .............. .

*Керекті сөздер*: ойнайды, береді, қояды, салады, келеді, кіреді.

## Сөйлесіңдер

1. Сен не істегенді жақсы көресің?

2. Мен мультфильм көргенді жақсы көремін. (далада ойнағанды, шанамен сырғанағанды)

3. Сен ше?

4. Мен де мультфильм көргенді жақсы көремін.



# 33–34 САБАҚ

## № 2. ЕСІҢДЕ МЕ?

### *ЛЕКСИКА*

#### *1. Артығын сызып таста*

Доп, секірмек, қуыршақ, сызғыш.
Қуыспақ, асық, кілт, футбол.
Мұз, сырғанақ, қар, жаз.
Адамдар, біреулер, бұлт, балалар.

#### *2. Керекті сөздерді жаз*

Маған алаңда ойнаған ................................ .
Ол коньки ...................... .
Мен сусын ..................... .
Қыста балалар сырғанаққа ...................... .
Анам итке тамақ ............................ .
Әжем тамаққа пияз ...................... .
Мен кітапты үстелге ........................ .
Мұғалім сыныпқа ....................... .
Демалыста әжем ......................... .

*Керекті сөздер*: келеді, ұнайды, ойнайды, ішемін, салады, тебеді, қоямын, береді, кіреді.

#### *Қайда? Сәйкестендір*

| | |
|---|---|
| 1. Онда балалар футбол ойнайды. | асханада |
| 2. Онда коньки тебеді. | мектепте |
| 3. Онда адамдар демалады. | алаңда |
| 4. Онда адамдар тамақ ішеді. | сырғанақта |
| 5. Онда балалар оқиды. | саябақта |



# ГРАММАТИКА

## *1. Жазыңдар: -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер.*

Кілт......
Жұлдыз.......
Орындық......
Сиыр........
Өлең.......
Түлкі......

## *2. Сәйкестендір*

| | |
|---|---|
| а) Автобусқа → | тұрады |
| Автобуста | → кіреді |
| ә) Дүкенге | зат көп |
| Дүкенде | барамын |
| б) Жерге | тұрады |
| Жерде | қоямын |

## *3. Жаз: -мын, -сың, -сыз, -ды*

Мен шыға...
Сен шыға...
Сіз шыға...
Ол шыға...

## *4. Аяқта*

1. Саған аланда ойнаған ұнай ... ?
   Иә, ............. аланда ойнаған ұнайды.
2. Сен қуыршақ ойнайсың ... ?
   Жоқ, мен қуыршақ ......................... .



# 35 САБАҚ

## 4-ОЙЫН

Ойын шарты 71-бетте

### *КІМНІҢ ИТІ?*

*Мұғалім*: – Мынау кімнің иті?
*Ойыншы*: – Менің итім.
*Мұғалім*: – Мынау кімнің аюы?
*Ойыншы:* – Менің аюым.


















# 36 САБАҚ

## 5-ОЙЫН

Ойын шарты 72-бетте

### *КІМНІҢ ДОБЫ?*

**Есте ұстайық**

| | | | |
|---|---|---|---|
| П → Б | КІТАП + Ы | → | КІТАБЫ |
| Қ → Ғ | МЫСЫҚ + Ы | → | МЫСЫҒЫ |
| К → Г | КӨЙЛЕК + І | → | КӨЙЛЕГІ |

*Мұғалім*: – Мынау кімнің добы?
*Ойыншы*: – Менің добым.
*Мұғалім*: – Мынау кімнің тарағы?
*Ойыншы:* – Менің тарағым.














## 37–39 САБАҚ

# МЕНІҢ ОТБАСЫМ


Ата


Әже


Әке


Шеше


Аға


Әпке (апа)


Қайсар


Қарындас


Іні

Қайсардың туыстарын көрсетіңдер және атаңдар.
*Үлгі*: Бұл Қайсардың атасы (әжесі) ...

# ГРАММАТИКА

Сенің отбас – ың үлкен
Сенің үй – ің ақ

Сенің → аға... / әпке... / іні... / қарандас... / сіңлі...

### Жалғауды жазыңдар, бір-біріңе осы сұрақтарды қойып, жауап беріңдер

1. Сенің аға... бар ма?
2. Сенің әпке... бар ма?
3. Сенің іні... бар ма?
4. Сенің қарындас... / сіңлі... бар ма?



### Сәйкестендіріңдер

менің

ағам, әкең, атаң, әжем, шешем, қарындасың, сіңлім, әпкең

сенің

### Мәтінді тыңдаңдар да, «Тоғжанның шешесі кім?» деген сұраққа жауап беріңдер

**Менің отбасым**

Менің атым Тоғжан. Менің жасым сегізде. Мен екінші сыныпта оқимын. Менің отбасым үлкен емес. Менің отбасымда төрт адам бар. Олар: әкем, шешем, ағам және мен. Менің әкем дәрігер. Ол ауруханада жұмыс істейді. Менің шешем мұғалім. Ол мектепте жұмыс істейді. Менің ағам Сержан, оқушы. Ол алтыншы сыныпта оқиды.

### Мәтінді оқыңдар

### Рас немесе өтірік деп айтыңдар

1. Тоғжан сегізде.
2. Тоғжан үшінші сыныпта оқиды.
3. Тоғжанның отбасында сегіз адам бар.
4. Тоғжанның әкесі дәрігер.
5. Тоғжанның әкесі дүкенде жұмыс істейді.
6. Тоғжанның шешесі мұғалім.
7. Оның шешесі ауруханада жұмыс істейді.
8. Тоғжанның ағасы студент.
9. Тоғжанның ағасы алтыншы сыныпта оқиды.



# 40–41 САБАҚ

## НЕШЕ? ҚАНША?









| | | |
|---|---|---|
| Суретте неше | жапырақ<br>шырша<br>алма<br>құс<br>гүл<br>кесе | бар? |











### *Санамақты жаттаңдар*

Бір дегенім – бесік
Екі дегенім – есік
Үш дегенім – үкі
Төрт дегенім – түлкі
Бес дегенім – балапан
Алты дегенім – алақан

Жеті дегенім – жорға
Сегіз дегенім – сырға
Тоғыз дегенім – торпақ
Он дегенім – оймақ
Он бір – қара жұмбақ.



## Жаттаңдар

| | |
|---|---|
| 10 – он | 60 – алпыс |
| 20 – жиырма | 70 – жетпіс |
| 30 – отыз | 80 – сексен |
| 40 – қырық | 90 – тоқсан |
| 50 – елу | 100 – жүз |

## Санауды үйренейік

| | |
|---|---|
| 11 – он бір | 16 – он алты |
| 12 – он екі | 17 – он жеті |
| 13 – он үш | 18 – он сегіз |
| 14 – он төрт | 19 – он тоғыз |
| 15 – он бес | 20 – жиырма |

## Жазыңдар

| | |
|---|---|
| 21 – жиырма бір | 22 – жиырма екі |
| 23 – ...................... | 24 – ...................... |
| 25 – ...................... | 26 – ...................... |
| 27 – ..................... | 28 – ...................... |
| 29 – ..................... | 30 – ....................... |

## Оқыңдар

31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40.

41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50.

## Сұрақтарға жауап беріңдер

1. Сіздің сыныпта неше оқушы бар?
2. Сіздің сыныпта неше қыз бар?
3. Сіздің сыныпта неше ұл бар?
4. Сіздің сыныпта неше терезе бар?
5. Сіздің сыныпта неше парта бар?
6. Сіздің сыныпта неше орындық бар?

## Оқыңдар

22, 31, 44, 55, 63, 78, 87, 91, 17

15, 26, 22, 43, 59, 67, 75, 81, 96, 100.



# 42–43 САБАҚ

## НЕШІНШІ?

Сен нешінші үйде тұрасың?

Мен сегізінші үйде тұрамын.



***Есте сақтаңдар***

| | | |
|---|---|---|
| 1 – інші | 5 – інші | 9 – ыншы |
| 2 – нші | 6 – ншы | 10 – ыншы |
| 3 – інші | 7 – нші | |
| 4 – інші | 8 – інші | |

***Айтыңдар, балалар нешінші үйде тұрады? Жұппен жұмыс***

Әсет нешінші үйде тұрады?

Ол тоғызыншы үйде тұрады.





## Жұппен жұмыс

*Үлгі:*

— Айдын нешінші сыныпта оқиды?

— Айдын алтыншы сыныпта оқиды.



| Айдын | Ира | Жексен | Ақтөре | Сәуле | Алтын | Айдар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | 4 | 4 | 7 | 11 | 9 | 8 |

## Жазыңдар

Ғизат: — Сен нешінші үйде тұрасың?
Санжар: — Мен 74 - .......... үйде тұрамын. Сен ше?
Ғизат: — Мен 63 -...... үйде тұрамын. Сен нешінші пәтерде тұрасың?
Санжар: — Мен 16 - ............. пәтерде тұрамын. Сен ше?
Ғизат: — Мен 41 - .............. пәтерде тұрамын.

## Бір-біріңмен сөйлесіңдер

Жексен, сен нешінші сыныпта оқисың?

Мен төртінші сыныпта оқимын. Сен ше?

Ира

Мен де 4-сыныпта оқимын.

Жексен

Сен нешінші қабатта тұрасың?

Мен үшінші қабатта тұрамын. Сен ше?

Мен 9-қабатта тұрамын.



# 44–45 САБАҚ

## АПТА

1. Дүйсенбі
2. ____________
3. Сәрсенбі
4. ____________
5. Жұма
6. ____________
7. Жексенбі

Бүгін қай күн?

Ертең қай күн болады?

Кеше қай күн болды?

### *Жазыңдар*

Дүйсенбі – бірінші күн.
Сейсенбі – ........................ күн.
Сәрсенбі – ......................... күн.
Бейсенбі – ......................... күн.
Жұма – ......................... күн.
Сенбі – ........................ күн.
Жексенбі – ........................ күн.

### *Ауызша жауап беріңдер*

Қазақ тілі қай күндері болады? Дүйсенбіде, ......... , ............. .
Математика қай күндері болады?
Қай күні оқымайсыңдар?
Қай күні өлең айтасыңдар?
Қай күні сурет саласыңдар?
Қай күні сабақ көп?
Қай күні сабақ аз?
Қай күні денешынықтыру болады?

### *Сөйлесіңдер*

Бізде дүйсенбіде неше сабақ болады?

Дүйсенбіде төрт сабақ болады.



# АЙЛАР

## ҚЫС АЙЛАРЫ




## КӨКТЕМ АЙЛАРЫ




### Қай айда?

Біз оқымаймыз? Маусымда, шілдеде, тамызда.
Оқу басталады? ...................... .
Оқу аяқталады? .................. .
Сенің туған күнің болады? ...................... .
Жаңа жыл болады? .......................... .
Ағаштар гүлдейді? ............................ .
Қысқы демалыс болады? .......................... .
Көп жаңбыр жауады? ...................... .
Қар жауады? ................... .
Наурыз көже пісіреді? ........................ .
Күн өте ыстық болады? ....................... .

### Жаз айлары




### Неше?

Бір жылда 12 ай бар.
Бір айда ... күн бар.
Бір айда ... апта бар.
Бір аптада ..... күн бар.

### Күз айлары





# 46 САБАҚ

## 6-ОЙЫН

Ойын шарты 73-бетте

### *БҰЛ СЕНІҢ СЫЗҒЫШЫҢ БА?*

*1-ойыншы*: – Бұл сенің сызғышың ба?
*2-ойыншы*: – Жоқ, бұл менің сызғышым емес.
*1-ойыншы*: – Бұл сенің сызғышың ба?
*3-ойыншы*: – Жоқ, бұл менің сызғышым емес.
*1-ойыншы*: – Бұл сенің сызғышың ба?
*4-ойыншы*: – Иә, бұл менің сызғышым.


























# РЕБУС ШЕШІҢДЕР

1. Бұл жаңбырда керек



2. Бұл оқу құралы.



3. Бұл ойынның аты.



4. Бұл орманда өседі.





# 47–48 САБАҚ

## № 3. ЕСІҢДЕ МЕ?

### *ЛЕКСИКА*

**Бос орынға керекті сөздерді жаз**



4 жүрек



6 д.........................



2 ж.................



3 т.......................



5 ү.......................

**Керекті сөздерді жаз**

1. Қазақ тілі .............. күндері болады?
2. Қай ................ математика болады?
3. Сенің ........... ................... қашан?
4. Бір жылда 12 .......... бар.
5. Бір айда 4 .............. бар.
6. Жазда күн ........... болады.
7. Күзде жаңбыр көп ................. .

**Мәтінді оқыңдар**

Менің атым Арыстан. Менің жасым сегізде. Мен екінші сыныпта оқимын. Менің отбасымда бес адам бар. Олар: әжем, әкем, шешем, қарындасым және мен. Менің әкем мұғалім, шешем дәрігер. Менің қарындасым бар. Оның аты Ақмарал. Ол төртте.

**Рас (р) немесе өтірік (ө) деп жаз**

1. Арыстан сегізде.
2. Ол үшінші сыныпта оқиды.
3. Оның отбасында төрт адам бар.
4. Оның әкесі мұғалім.
5. Оның қарындасы бесте.

**Сөзбен жаз**

45, 57, 68, 76, 89, 97, 100



# ГРАММАТИКА

## 1. Жаз менің, сенің, оның

................. қағазы
................. қағазым
................. қағазың

## 2. Жаз: -ы, -ым, -ың

Менің сызғыш........
Сенің сызғыш........
Оның сызғыш........

## 3. Дұрысын дөңгелекте

Оқушы сынып..... (-қа, -та) кіреді.
Марат сөмке...... (-ге, -де) қалам салады.
Балалар сынып...... (-қа, -та) отыр.
Қыздар алаң....... (-да, -ға) ойнайды.
Әжесі Айнұр....... (-да, -ға) алма береді.

## 4. Сөйлесіңдер

оқисың

шығамын — мен, сен, ол — барады

## Сәйкестендір

| | |
|---|---|
| Сен қыста не киесің? | екінші |
| Сен нешінші сыныпта оқисың? | етік |
| Сенің ағаң нешеде? | мұғалім |
| Сенің шешең кім? | онда |
| Сенің көзің қандай? | иә |
| Сен шалбар киесің бе? | қоңыр |
| Сенің әжең қайда тұрады? | фабрикада |
| Сенің әкең қайда жұмыс істейді? | ауылда |



# 49–51 САБАҚ

# ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

### *Сәйкестендіріңдер*

жылы
жазғы қызық
әдемі

өрнек
киім

**Жаңа сөздер:**
*өрнек*
*киім*
*өрнек салады*

## ҚЫС



### *Сұрақтар бойынша суреттеңдер*

1. Суретте қай жыл мезгілі?
2. Балалар не істеп жүр?
3. Балалар не жасады?
4. Балалар көңілді ме?
5. Суретте қар жауып тұр ма?

### *Аққаланы суреттеңдер*

### *Мәтінді тыңдаңдар да, «Аяз қайда өрнек салады?» деген сұраққа жауап беріңдер*

Қыс айлары – желтоқсан, қаңтар және ақпан. Қыста күн суық болады. Қыста қар жауады. Қыста аяз болады. Аяз терезеге өрнек салады. Қыста балалар коньки тебеді, шаңғы тебеді, аққала жасайды. Қыста балалар шанамен сырғанайды. Маған қыс ұнайды.

### *Мәтінді оқыңдар*

### *Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сұрақтарға жауап беріңдер.*

1. Қыс айлары .................. ?
2. Қыста күн .............. болады?
3. Қыста ....... жауады?
4. .............. аяз болады?
5. Аяз терезеге ......... салады?
6. Қыста балалар ...... .............?

Қандай?
Не?
Қашан?
Не істейді?
Қандай?
Не?

### *Тапсырма*

**Мәтіннің әр сөйлеміне сұрақ қойыңдар.**

*Үлгі*: Қыс айлары – желтоқсан, қаңтар және ақпан.
Қыс айлары – желтоқсан, қаңтар және ақпан ба?

# ҚЫСТА АУА РАЙЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?


қар жауады


боран


аяз


ашық


бұлтты

## Сұрақтарға жауап беріңдер

1. 46-беттегі суретте ауа райы қандай?
2. Бүгін ауа райы қандай?
3. Ертең ауа райы қандай болады деп ойлайсыңдар?
4. Кеше ауа райы қандай болды?

## Жоққа шығарыңдар

*Үлгі*: Қыста адамдар жеңіл киім киеді.
Жоқ, қыста адамдар жеңіл киім кимейді.

1. Қыс ыстық болады.
2. Қыста көшеде гүлдер өседі.
3. Қыста құстар өлең айтады.
4. Қыста ағаштар жасыл болады.
5. Қыста көбелектер ұшады.
6. Қыста құстар балапан шығарады.

## Сөйлесіңдер

1. Саған қыс ұнайды ма?
3. Неге саған қыс ұнайды?

2. Иә, маған қыс ұнайды.
4. Өйткені қыста мен коньки, шаңғы тебемін, шанамен сырғанаймын.



# 52–54 САБАҚ

## КӨКТЕМ

### Сәйкестендіріңдер

күн
ауа жер
жылы

жақтан
жылиды көгереді
райы

**Жаңа сөздер:**
жылиды
жылы жақтан
көгереді



### Сұрақтар бойынша суреттеңдер

1. Суретте қар не істеп жатыр?
2. Суреттен не көріп тұрсыңдар?
3. Жер қандай?
4. Ауа райы қандай?

### Мәтінді тыңдаңдар да, «Көктемде қар не істейді?» деген сұраққа жауап беріңдер

Көктем айлары – наурыз, сәуір және мамыр. Көктемде күн жылиды. Қар ериді. Көктемде жылы жақтан құстар ұшып келеді. Көктемде жер көгереді, гүлдер гүлдейді. Көктемде жаңбыр жауады.

### Мәтінді оқыңдар

### Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Көктем айлары ................ ?
2. ................ күн жылиды?
3. ................ қар жауады?
4. Көктемде ........ ұшып келеді?
5. ................. жер көгереді?
6. Көктемде ........ гүлдейді?
7. ................ жаңбыр жауады?

Қашан?
Қандай?
Қашан?
Нелер?
Қашан?
Нелер?
Қашан?

### Мәтіннің әр сөйлеміне ортақ сұрақ қойыңдар



## КӨКТЕМДЕ АУА РАЙЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?



жылы



жаңбырлы



ашық



бұлтты



желді

### Сұрақтарға жауап беріңдер

1. 48-беттегі суретте ауа райы қандай?
2. Бүгін ауа райы қандай?
3. Ертең ауа райы қандай болады деп ойлайсыңдар?
4. Кеше ауа райы қандай болды?

### Жоққа шығарыңдар.

1. Көктемде күн салқындайды.
2. Көктемде жапырақтар сарғаяды.
3. Көктемде құстар жылы жаққа ұшып кетеді.
4. Көктемде жеміс, көкөніс піседі.
5. Көктемде әжелер, мамалар көкөніс тұздайды.

### Сөйлесіңдер

1. Саған көктем ұнайды ма?
3. Неге саған көктем ұнайды?



2. Иә, маған көктем ұнайды.
4. Өйткені көктемде күн жылиды, далада ұзақ ойнауға болады.



# 55–57 САБАҚ

## ЖАЗ

### Сәйкестендіріңдер

жеңіл
жасыл салқын
ыстық

жапырақ
күн көлеңке
киім

**Жаңа сөздер:**
жеңіл
көлеңке
жарқырап тұрады



### Сұрақтар бойынша суреттеңдер

1. Балалар не істеп жүр?
2. Құстар не істеп жүр?
3. Көлеңкеде кім отыр?
4. Суретте ауа райы қандай?
5. Суретте балалар қандай?

### Мәтінді тыңдаңдар да, «Жазда адамдар қандай киім киеді?» деген сұраққа жауап беріңдер

Жаз айлары – маусым, шілде және тамыз. Жазда күн ыстық болады. Жазда ағаштар жасыл болады. Жазда орманда, паркте, далада, көшеде гүлдер өседі. Жазда көбелектер ұшады. Жазда адамдар жеңіл киім киеді. Жазда балалар волейбол, футбол, бадминтон ойнайды. Адамдар велосипед тебеді, суға шомылады. Жазда күн жарқырап тұрады.

### Мәтінді оқыңдар

### Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сұрақтарға жауап беріңдер

1. Жазда күн .............. болады?
2. Жазда ағаштар ................ болады?
3. Жазда ............... гүлдер өседі?
4. Жазда ................ көбелектер ұшады?
5. Жазда адамдар ............. киім киеді?
6. Жазда балалар ............... ойнайды?
7. Балалар ..... тебеді?
8. Балалар .................... шомылады?

Қандай?
Қайда?
Не?



## Тапсырма. Мәтіннің әр сөйлеміне ортақ сұрақ қойыңдар

### ЖАЗДА АУА РАЙЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?







ыстық .............. ............ ............. ...........

## Сұрақтарға жауап беріңдер

1. 50-беттегі суретте ауа райы қандай?
2. Бүгін ауа райы қандай?
3. Ертең ауа райы қандай болады деп ойлайсыңдар?
4. Кеше ауа райы қандай болды?

## Жоққа шығарыңдар

1. Жазда күн салқын болады.
2. Жазда қар жауады.
3. Жазда аяз болады.
4. Жазда балалар коньки, шаңғы тебеді.
5. Жазда балалар шанамен сырғанайды
6. Жазда адамдар жылы киім киеді.

## Сөйлесіңдер

1. Саған жаз ұнайды ма?
3. Неге саған жаз ұнайды?



2. Иә, маған жаз ұнайды.
4. Өйткені жазда мен суға шомыламын, велосипед тебемін.



# 58–60 САБАҚ

## КҮЗ

**Жаңа сөздер:**
солады
жылы
жаққа
жиі
тұздайды

### Сәйкестендіріңдер

шөп, көкөніс, жылы, жиі

тұздайды, жаққа, жауады, солады



### Сұрақтар бойынша суреттеңдер

1. Не көріп тұрсыңдар?
2. Бала не істеп тұр?
3. Ол не киген?
4. Ағаштар қандай?
5. Ауа райы қандай?
6. Құстар қайда ұшып бара жатыр?

### Мәтінді тыңдаңдар да, «Күзде жапырақтар қандай болады?» деген сұраққа жауап беріңдер

Күз айлары – қыркүйек, қазан, қараша. Күзде күн салқындайды. Күзде жапырақтар сарғаяды. Жапырақтар қызыл, сары болады және жерге түседі. Күзде гүлдер солады. Күзде құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Күзде жаңбыр жиі жауады, күзде жеміс көкөніс піседі. Күзде базарда, дүкенде көкөніс өте көп болады. Күзде адамдар көкөніс тұздайды.

### Мәтінді оқыңдар

### Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Күз айлары ............?
2. Күзде жапырақтар ...............?
3. Күзде жапырақтар ................ болады?
4. Күзде гүлдер ................ ?
5. Күзде құстар ............ ұшып кетеді?
6. Күзде ........... піседі?
7. Күзде базарда, дүкенде ................ көп болады?
8. .................... адамдар көкөніс тұздайды?

Не істейді?
Қандай?
Қайда?
Нелер?
Қашан?

## *Тапсырма. Мәтіннің әр сөйлеміне ортақ сұрақ қойыңдар*

### *КҮЗДЕ АУА РАЙЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?*







салқын ............. ........... ............ ..........

## *Сұрақтарға жауап беріңдер*

1. 52-беттегі суретте ауа райы қандай?
2. Бүгін ауа райы қандай?
3. Ертең ауа райы қандай болады деп ойлайсыңдар?
4. Кеше ауа райы қандай болды?

## *Жоққа шығарыңдар*

1. Күзде адамдар суға шомылады.
2. Күзде қар ериді.
3. Күзде құстар ұшып келеді.
4. Күзде гүлдер гүлдейді.
5. Күзде, жер көгереді.

## *Сөйлесіңдер*

1. Саған күз ұнайды ма?
3. Неге саған күз ұнайды?

2. Иә, маған күз ұнайды.
4. Өйткені күзде сабақ басталады, мен достарыммен кездесемін.

# 61 САБАҚ

## 7-ОЙЫН

Ойын шарты 73 – бетте

### СЕН АЮСЫҢ БА?

*1-ойыншы*: – Сен аюсың ба?
*2-ойыншы*: – Жоқ, мен аю емеспін.
*1-ойыншы*: – Сен аюсың ба?
*3-ойыншы*: – Иә, мен аюмын.














# ӨЛЕҢ ЖАТТАЙЫҚ

## Сұр қоян



Ұзын құлақ сұр қоян
Естіп қалып сыбдырды,
Ойлы-қырлы жерлермен
Ытқып-ытқып жүгірді.

Қарап еді артына,
Қиығын сап көзінің
Келе жатқан томпаңдап,
Көжегі екен өзінің.

*Е. Қырықбаев*



## Тиінмін

Мен тиінмін, тиінмін,
Қысқа жылы киіндім.
Қоймам толы жаңғаққа,
Іші жылы үйімнің.

*Н. Жанаев*

## Бұғы



Бұғы бар Алтайда, алыста.
Аттан да озады, жарысса.
Суыққа, аязға төзімді,
Кетеді көтеріп өзіңді.

Мүйізі – дәрі оның, тым тәтті.
Сұлу да денесі, сымбатты.
Сұрады кішкентай Әскербек:
– Ағаш па басына өскен! – деп.

*Е. Елубаев*



# 62–64 САБАҚ

## МЕЙРАМДАР

**Сәйкестендіріңдер**

сыйлық
ойыншық
үлкен
мейрам
жылтыр

іледі
ойыншық
болады
береді
қап

**Жаңа сөздер:**
мейрам
сыйлық
іледі
қап
жылтыр

### ЖАҢА ЖЫЛ



**Сұрақтар бойынша суреттеңдер**

1. Суретте кімдер бар?
2. Балалар не істеп жүр?
3. Олар кім болып киінген?
4. Қапта не бар?
5. Балалар көңілді ме?

**Мәтінді тыңдаңдар да, «Шыршаға не іледі?» деген сұраққа жауап беріңдер**

Жаңа жыл – үлкен мейрам. Жаңа жыл қыста болады. Жаңа жылда Аяз Ата және Ақшақар болады. Олар балаларға сыйлық береді. Жаңа жылда үйлерде шырша болады. Шыршаға жылтыр ойыншықтар іледі. Ойыншықтар өте әдемі болады. Жаңа жылда адамдар өлең айтады, билейді. Жаңа жыл – көңілді мейрам.

**Мәтінді оқыңдар**

**Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Жаңа жыл .............. мейрам?
2. Жаңа жыл ................ болады?
3. Жаңа жылда ............ болады?
4. ............. балаларға сыйлық береді?
5. Жаңа жылда үйлерде ............. болады?
6. Шыршаға ............. іледі?
7. Ойыншықтар .................. болады?
8. Жаңа жылда адамдар ............................?

Не істейді?
Қандай?
Не?
Кімдер?
Қашан?



### Тапсырма. Мәтіннің әр сөйлеміне ортақ сұрақтар қойыңдар

### Диалогты аяқтаңдар

– Саған жаңа жыл ұнайды ма?
– ........................................... .
– Неге саған жаңа жыл ұнайды?
– ............................................. .
– Сен жаңа жылда кім болып киінесің?
– ............................................... .
– Саған әдетте қандай сыйлықтар сыйлайды?
– ................................................ .

### Өлең жаттаңдар

#### Аяз Ата

Кел, балалар, келіңдер!
Тамашаны көріңдер.
Аяз Ата келіп тұр,
Атайға сәлем беріңдер!

*Ә. Табылдиев*

#### Қыс суреті

Ауа мөлдір, түп-тұнық,
Аппақ, таза жаңа қар.
Асау аттай жұлқынып,
Зуылдайды шаналар.

Күмістен алқа тағынып,
Бақтар күлім қағады.
Күн нұрына шағылып,
Қар жұлдыздай жанады.

*С. Мәуленов*

### Сөйлесіңдер

1. Сендер Жаңа жылда шырша қоясыңдар ма?
2. Әрине, қоямыз.
3. Шыршаға қандай ойыншықтар ілесіңдер?
4. Әдетте, шарлар, ойыншық аңдар, жұлдыздар.

# 65–66 САБАҚ

## № 4 ЕСІҢДЕ МЕ?

### Артығын сызып таста

Қаңтар, мамыр, желтоқсан, ақпан.
Сәуір, наурыз, қараша, мамыр.
Қазан, тамыз, маусым, шілде.
Қараша, қыркүйек, қазан, тамыз.

### Бос орынға керекті сөзді жаз

Бір жылда 12 ......... бар.
Бір айда 30 – 31 ............ бар.
Бір айда 4 ........... бар.
Бір аптада 7 ........... бар.

### Бұл қандай аң?

1. Бұл үлкен аң. Ол орманда өмір сүреді. Ол бал жақсы көреді. Ол ......... .
2. Бұл кішкентай аң. Ол жаңғақ жейді. Оның тоны қызыл-сары. Ол ........... .
3. Ол кішкентай аң. Оның құлағы ұзын. Ол сәбізді жақсы көреді. Ол жақсы жүгіреді. Ол ............. .

### Мәтінді оқыңдар

Жаз тамаша жыл мезгілі. Күн ыстық. Айнала жасыл. Біз оқымаймыз. Күнде далада ойнаймыз – велосипед тебеміз, шомыламыз. Әдетте, кешке біз футбол ойнаймыз. Менің достарым лагерьде демалады, Бурабайға, Балқашқа барады, ал мен ауылға барамын. Ауылда ата-әжем тұрады.

### Рас немесе өтірік деп жаз

1. Жазда күн ыстық.
2. Жазда айнала жасыл.
3. Біз мектепке барамыз.
4. Біз коньки тебеміз.
5. Менің достарым Бурабайға барады.
6. Менің ата-әжем қалада тұрады.



# ГРАММАТИКА

## 1. Дұрысын дөңгелекте

| | |
|---|---|
| 4 жапырақ | 4 жапырақтар. |
| 2 қой | 2 қойлар |
| 6 сызғыштар | 6 сызғыш |
| 8 үйлер | 8 үй |
| 5 кітап | 5 кітаптар |
| 7 қояндар | 7 қоян |

## 2. Жаз: -ің, -і, -ім, -іңіз

Менің кілт...... .
Сенің ит...... .
Сіздің үй........ .
Оның көз.... .

## 3. Сандарды сөзбен жаз

| | |
|---|---|
| 33 – отыз үш | 69 – .................... |
| 78 – ..................... | 91 – ..................... |
| 54 – ..................... | 88 – ..................... |
| 42 – ..................... | 25 – ..................... |

## 4. Сұрақтарға жауап бер

1. Сен нешінші қабатта тұрасың?
2. Сен нешінші үйде тұрасың?
3. Сен нешінші айда тудың?

## 5. Жаз: -сың, -мын, -сіз, - сың

Мен оқушы.......
Сен ұл.......
Сен қыз......
Сіз мұғалім......

67–69 САБАҚ

# НАУРЫЗ

## Сәйкестендіріңдер

оқушылар
ағаш тамақ
көшені

тазалайды
пісіреді
отырғызады
көрініс қояды

**Жаңа сөздер:**
отырғызады
тазалайды
пісіреді
көрініс қояды




## Сұрақтар бойынша суреттеңдер

1. Әжелер не істеп жатыр?
2. Әртістер не істеп жатыр?
3. Қыз бен бала не істеп жатыр?
4. Суретте тағы нелер бар?
5. Суретте қандай түстер берілген?

## Мәтінді тыңдаңдар да, «Наурызда не пісіреді?» деген сұраққа жауап беріңдер

Наурыз – үлкен мейрам. Наурызда адамдар ағаш отырғызады. Наурызда адамдар аула, көше, үйді тазалайды. Наурызда наурыз көже пісіреді. Мектептерде мейрам болады. Мейрамда оқушылар қазақша өлең айтады, би билейді, көріністер қояды. Ауылдарда, қалаларда, аланда үлкен мейрам болады. Аланда адамдар көп болады. Онда музыка ойнайды. Наурыз – өте көңілді мейрам.

## Мәтінді оқыңдар

## Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Наурыз ................ мейрам?
2. Наурызда адамдар .......... отырғызады?
3. Наурызда адамдар ..............?
4. ................. Наурыз көже пісіреді?
5. Мектептерде ............. болады?
6. .............. би билейді, көріністер қояды?
7. Мейрамда .......... қазақша өлеңдер айтады?
8. Наурызда көшеде, аланда ........... болады?
9. Аланда ........... ойнайды?

Не істейді?
Қандай?
Не?
Кімдер?
Қашан?

## Тапсырма.
## Мәтіннің әр сөйлеміне ортақ сұрақтар қойыңдар

## Батаны жаттап алыңдар

*Ұлыс бақты болсын,*
*Әр күніміз жақсы болсын.*
*Достығымыз берік болсын,*
*Білім, өнер серік болсын.*
*Амансыз ба,*
*Ұлыс оң болсын!*
*Ақ мол болсын,*
*Қайда барса, жол болсын!*
*Ұлыс бақты болсын,*
*Төрт түлігі ақты болсын!*
*Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!*

## Суреттеңдер



## Диалогты аяқтаңдар

– Сен наурызда қайда барасың?
– Алаңға ..................... .
– Онда кіммен барасың?
– Мамаммен, ..................... , ......................... барамын.
– Мейрамда ......................... көже ішесіңдер ме?
– Әрине ішеміз. Маған ............. ...... ұнайды.
– Наурыз құтты ............... !
– Бірге болсын!



# 70–72 САБАҚ

## ТУҒАН КҮН

### Сәйкестендіріңдер

туған, жақсы, әр, дәмді, сабақ

түрлі, тілек, дайындайды, тағам, күн

**Жаңа сөздер:**
- туған күн
- тілек
- тағам
- дайындайды
- әр түрлі




Бұл – ашық хат. Әдетте туған күнге ашық хат сыйлайды. Онда жақсы тілектер жазады. Әдетте ашық хаттар өте әдемі болады. Басқа мейрамдарда да ашық хаттар сыйлайды.

### Ашық хатты оқыңдар. Туған күнде бір-біріңді қазақша құттықтаңдар

бақыт — табыс — денсаулық — тілеймін

***Қымбатты Кәмшат!***

*Мен сені туған күніңмен құттықтаймын. Саған зор денсаулық, мол бақыт, сабақта табыстар тілеймін.*

Тілек білдіруші:
досың Жұлдыз.



### Сурет бойынша сұрақтарға жауап беріңдер

1. Бұл қандай мейрам?
2. Суретте неше ұл, неше қыз бар?
3. Олар қандай?
4. Олар қалай киінген?
5. Сендер туған күнді қалай өткізесіңдер?

### Мәтінді тыңдаңдар да, «Кәмшатқа қандай сыйлықтар сыйлайды?» деген сұраққа жауап беріңдер

Менің атым Кәмшат. Менің туған күнім 3-наурызда. Маған туған күн мейрамы ұнайды. Себебі бұл күн өте көңілді өтеді. Бұл күні маған көп сыйлық сыйлайды, әдетте жұмсақ ойыншықтар, қуыршақ, ашық хаттар. Бұл күні қонақтар келеді. Олар маған жақсы тілектер айтады. Мамам әр түрлі тағамдар дайындайды және торт пісіреді. Маған менің достарым келеді. Біз ойын ойнаймыз, ән саламыз, билейміз.

### Мәтінді оқыңдар

### Сұрақтарға жауап беріңдер

1. Туған күнде Кәмшат және достары не істейді?
2. Мамасы не істейді?
3. Қонақтар не істейді?

### Сұрақтарға жауап жазыңдар

– Сенің туған күнің қашан?
– ....................................................... .
– Бұл күні сені кімдер құттықтайды?
– .......................................................... .
– Саған әдетте не сыйлайды?
– ...................................................... .

### Жұппен сөйлесіңдер

– Саған кімдер келеді?
– ...................................................... .
– Сендер не істейсіңдер?
– ...................................................... .

# 73–75 САБАҚ

## ӨЗЕНДЕ

### Сәйкестендіріңдер

қайық балалар
шаян және ұлу
балық үлкен

шомылады
кеме аулайды
өмір сүреді жүзеді

**Жаңа сөздер:**
қайық
кеме
шомылады
аулайды
шаян
ұлу



### Сұрақтар бойынша суреттеңдер

1. Суретте не бар?
2. Суретте кімдер бар?
3. Олар не істеп жатыр?
4. Шағалалар не істеп жүр?

### Мәтінді тыңдаңдар да, «Өзенде нелер өмір сүреді?» деген сұраққа жауап беріңдер

Өзен үлкен және кішкентай болады. Үлкен өзенде кемелер жүреді. Кішкентай өзенде қайықтар жүреді. Жазда өзенде өте көңілді. Мұнда әрқашан өте көп балалар болады. Олар өзенде шомылады, ойнайды, катамаран тебеді, біреулер балық аулайды. Өзенде балықтан басқа бақа, шаян, ұлу өмір сүреді. Өзенде әрқашан көңілді, жазда шомыласың, күзде және көктемде балық аулайсың, ал қыста коньки тебесің.

### Мәтінді оқыңдар

### Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Өзен .................. болады?
2. Үлкен өзенде ................ жүреді?
3. ................. өзенде қайықтар жүреді?
4. ..................... өзенде өте көңілді?
5. Өзенде ............ көп болады?
6. Балалар өзенде ............ ..................?
7. Өзенде тағы .................... өмір сүреді?

Не істейді?
Қандай?
Нелер?
Кімдер?
Қашан?
Қандай?
Нелер?

## *Жазыңдар. Олар қайда болады?*

**АСПАНДА**





1. ........................................
2. ........................................
3. ........................................
4. ........................................









**СУДА**



1. ........................................
2. ........................................
3. ........................................
4. ........................................

**ЖЕРДЕ**





1. ........................................
2. ........................................
3. ........................................
4. ........................................





толқын

## *Сөйлесіңдер*

1. Сен жазда өзенге барасың ба?
3. Сен жүзе аласың ба?

2. Иә, барамын.
4. Иә, жүзе аламын.
(Жоқ, жүзе алмаймын)





# 76–78 САБАҚ

## ЛАГЕРЬДЕ

### Сәйкестендіріңдер

өте
денешынықтыру
жарыс тәрбиеші
әркім
көрініс

апай
әсерлі көрсету
біледі жасау өткізу

**Жаңа сөздер:**
денешынықтыру
тәрбиеші
жарыс
әсерлі
әркім
көрініс



### Сұрақтар бойынша суреттеңдер

1. Суреттен не көріп тұрсыңдар?
2. Бұл қай жыл мезгілі?
3. Ауа райы қандай?
4. Лагерь қайда орналасқан?

### Мәтінді тыңдаңдар да, «Балалар таңертең не істейді?» деген сұраққа жауап беріңдер

Жазда балалар лагерьде демалады. Себебі лагерьде өте көңілді. Балалар көп. Әдетте балалар таңертең денешынықтыру жасайды, тамақтанады. Сосын тәрбиешілер әртүрлі ойын, жарыстар өткізеді. Балаларға жарыстар ұнайды. Жарыстар қызық және әсерлі. Әркім бірінші болғысы келеді. Сонымен қатар лагерьде балалар кітап оқиды, концерт дайындайды, көріністер қояды. Мұның бәрі өте қызық.

### Мәтінді оқыңдар

### Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Жазда балалар ................ демалады?
2. Таңертең балалар .......... ..................?
3. Тәрбиешілер ........... өткізеді?
4. ....................... жарыстар ұнайды?
5. Жарыстар .................... болады?
6. Балалар лагерьде тағы ........... ................?

Не істейді?
Қандай?
Не?
Кімдерге?
Қандай?
Не істейді?




# ГРАММАТИКА

## Мәтінді оқыңдар

Жаңа жыл көңілді мейрам. Бұл мейрамда балалар әдетте әр түрлі костюм киеді. Мысалы, жаңа жылда Айша түлкі болып киінді. Нұрлан қоян болып, Аслан аю болып, Гүлнар ақшақар болып киінді.

## «Сен кімсің?» деген сұраққа балалар қалай жауап береді?

Айша: – Мен .................... .
Нұрлан: – Мен ...................... .
Аслан: – Мен ........................ .
Гүлнар: – Мен ........................ .

## Дұрысын дөңгелекте

Мен бөлмеге / бөлмеде кіремін.
Мен шыршада / шыршаға ойыншық ілемін.
Аспанға / аспанда ай бар.
Ағашта / ағашқа алма өседі.
Мен үстелге / үстелде кітап қоямын.

## Бос орынға керекті жалғауларды жаз

Менің парта...да кітап жатыр. Сенің дос.....да шаңғы бар. Сенің үй......де ит бар ма? Менің сөмке...де сызғыш бар.

## Сәйкестендір

| | |
|---|---|
| Сен жазда қайда демаласың? | тауға |
| Сен ертең қайда барасың? | менің |
| Бұл кімнің дәптері? | лагерьде |
| Мына сызғыш кімдікі? | ілгішке |
| Киімді қайда ілесің? | менікі |





# № 5. ЕСІҢДЕ МЕ?

## Артығын сызып таста

Қар, боран, аяз, ыстық.
Көгереді, солады, жылиды, ериді.
Ыстық, суық, ашық, күн жарқырап тұрады.
Жаңбыр, желді, бұлтты, боран.

## Бос орынға керекті сөзді жаз

Қыста қар ..................... .
Көктемде қар ................. .
Көктемде гүлдер ..................... .
Жазда көбелектер .................... .
Жазда адамдар суға ......................... .
Шыршаға ойыншықтар ......................... .
Күзде жапырақтар .......................... .
Күзде құстар жылы жаққа ..............   ..................... .
Маған жаңа жыл ...................... .

## Мәтінді оқыңдар

### Қыста ауылда

Менің атым Қайсар. Мен ауылда тұрамын. Қыста ауылда өте қызық. Бізде қыста қар өте көп жауады. Табиғат әдемі болады. Айнала аппақ. Қар күнге жарқырап тұрады. Біз қарда көп ойнаймыз. Қырдан шанамен сырғанаймыз, шаңғы тебеміз, аққала жасаймыз. Бізде өзен бар. Қыста ол қатады. Онда біз коньки тебеміз. Сондықтан қыс маған өте ұнайды.

## Рас немесе өтірік деп жаз

1. Менің атым Қайсар.
2. Мен қалада тұрамын.
3. Қыста табиғат әдемі болады.
4. Қар күнге ериді.
5. Қыста өзен қатады.
6. Қыс маған ұнамайды.



## Хабарландыруды оқыңдар

**Хабарландыру**

Ертең, 5-шілдеде спорт алаңында жүгіру жарысы болады. Жарысқа 1, 2, 3-отряд балалары қатысады. Жеңімпаздарға жүлде бар. Асығыңдар.

## Бұл сөздердің аудармасын сөздіктен тауып жазыңдар

**қатысу**

**жеңімпаз**

**жүлде**

**хабарландыру**

## Рас немесе өтірік деп жаз

1. Жүгіру жарысы 6-шілдеде болады.
2. Ертең әншілер жарысы болады.
3. Жарыс спорт алаңында болады.
4. Жарысқа 4, 5, 6-отрядтың балалары қатысады.
5. Ертең жүгіру жарысы болады.
6. Жеңімпаздар жүлде алады.
7. Жүгіру жарысына тәрбиешілер қатысады.

## Жалғауларды жаз

1. Сен жарысқа қатыса... ба?
3. Мен де қатыса....
Сен не кие...?

2. Әрине қатыса....
Ал сен ше?
4. Майка және қысқа шалбар.







# ОЙЫНДАРДЫҢ ШАРТЫ

## 1-ОЙЫН. «БҰЛ ҚОЯН БА?»

Мақсаты: ***-ба***, ***-бе*** сұраулы шылауларын қолдануға, болымды және болымсыз жауап беруге жаттықтыру.

Ойын алды жұмысы: Суреттегі заттардың атын еске түсіріп, қайталап шығу.

Қалай ойнау керек:

1. 1-ойыншы тақтаға шығып 12-беттегі бір суретті таңдап алып, ол туралы мұғалімге сыбырлап айтады, себебі сынып оның қандай суретті таңдағанын білмеуі керек.
2. Қалған оқушылар 1-ойыншының қандай суретті жасырғанын табулары керек. Ол үшін олар: – Бұл көз бе? – Бұл қоян ба? – деп сұрақтар қояды.
3. Егер сынып жасырылған суретті таппаса, 1-ойыншы: – Жоқ, бұл көз емес. Жоқ, бұл қоян емес, – деп тиісінше жауап береді.
4. Сынып жасырылған нәрсені атаған жағдайда 1-ойыншы: – Иә, бұл сәбіз, – деп жауап беріп, орнына отырады.
5. Ал жауабын тапқан оқушы тақтаға шығып, ойынды дәл осылай жалғастырады.

## 2-ОЙЫН. «БҰЛ АТ ПА?»

Мақсаты: ***-па***, ***-пе*** сұраулы шылауларын қолдануға, болымды және болымсыз жауап беруге жаттықтыру.

Ойын алды жұмысы: Суреттегі заттардың атын еске түсіріп, қайталап шығу.

Қалай ойнау керек:

1. 1-ойыншы тақтаға шығып 18-беттегі бір суретті таңдап алып, ол туралы мұғалімге сыбырлап айтады, себебі сынып оның қандай суретті таңдағанын білмеуі керек.
2. Қалған оқушылар 1-ойыншының қандай суретті жасырғанын табулары керек. Ол үшін олар: – Бұл ит пе? – Бұл қасық па? – деп сұрақтар қояды.
3. Егер сынып жасырылған суретті таппаса, 1-ойыншы: – Жоқ, бұл ит емес. Жоқ, бұл қасық емес, – деп тиісінше жауап береді.
4. Сынып жасырылған нәрсені атаған жағдайда 1-ойыншы: – Иә, бұл кілт, – деп жауап беріп, орнына отырады.
5. Ал жауабын тапқан оқушы тақтаға шығып, ойынды дәл осылай жалғастырады.





## 3-ОЙЫН. «БҰЛ ҚАЙШЫ МА?»

Мақсаты: ***-ма***, ***-ме*** сұраулы шылауларын қолдануға, болымды және болымсыз жауап беруге жаттықтыру.
Ойын алды жұмысы: Суреттегі заттардың атын еске түсіріп, қайталап шығу.
Қалай ойнау керек:

1. 1-ойыншы тақтаға шығып 22-беттегі бір суретті таңдап алып, ол туралы мұғалімге сыбырлап айтады, себебі сынып оның қандай суретті таңдағанын білмеуі керек.
2. Қалған оқушылар 1-ойыншының қандай суретті жасырғанын табулары керек. Ол үшін олар: – Бұл піл ме? – Бұл қайшы ма? – деп сұрақтар қояды.
3. Егер сынып жасырылған суретті таппаса, 1-ойыншы: – Жоқ, бұл піл емес. Жоқ, бұл қайшы емес, – деп тиісінше жауап береді.
4. Сынып жасырылған нәрсені атаған жағдайда 1-ойыншы: – Иә, бұл кірпі, – деп жауап беріп, орнына отырады.
5. Ал жауабын тапқан оқушы тақтаға шығып, ойынды дәл осылай жалғастырады.

## 4-ОЙЫН. «БҰЛ КІМНІҢ ИТІ?»

Мақсаты: Тәуелдік жалғаудың 1-жағын қолдануға жаттықтыру.
Не дайындау керек: Парақтың көшірмесін жасап, оларды карточкаларға қию (32-бет).
Ойын алды жұмысы: Суреттегі заттардың атын еске түсіріп, қайталап шығу.
Қалай ойнау керек:

1. Мұғалім карточкаларды оқушыларға бір-бірден үлестіріп береді. Әр оқушы өз суретін есте сақтау керек.
2. Содан соң мұғалім карточкаларды жинап алып, суреттердің бетін төмен қаратып үстелдің үстіне қояды да, бетіндегісін алып: – Мынау кімнің аюы? – деп сыныпқа сұрақ қояды, егер аюдың суретін алса.
3. Аюдың «иесі»: – Мынау – менің аюым, – деп жауап беруі тиіс.
4. Мұғалім келесі карточканы алып: – Мынау кімнің алмасы? – деп тағы сұрақ қояды.
5. – Мынау – менің алмам, – деп жауап береді алма суретін алған оқушы.
6. Ойын осылай соңғы сурет қалғанша жалғаса береді.

Келесі сабақта мұғалімнің орнына кез келген оқушы жүргізуші бола алады.

## 5-ОЙЫН. «КІМНІҢ ДОБЫ?»

Мақсаты: ***П, қ, к*** әріптеріне аяқталатын сөздерге тәуелдік жалғауын қосуға жаттықтыру (33-бет).
(кейінді ықпал ***п*** ⟶ ***б***, ***қ*** ⟶ ***ғ***, ***к*** ⟶ ***г***)
Не дайындау керек: Парақтың көшірмесін жасап, оларды карточкаларға қию.
Ойын алды жұмысы:
1. Суреттегі заттардың атын еске түсіріп, қайталап шығу.
2. Фонетикалық жаттығу өткізу.



| | | |
|---|---|---|
| Моншақ | – | моншағым |
| Қуыршақ | – | қуыршағым |
| Тауық | – | тауығым |
| Пышақ | – | пышағым |
| Көйлек | – | көйлегім |
| Доп | – | добым |
| Қолғап | – | қолғабым |
| Үйрек | – | үйрегім |
| Қасық | – | қасығым |
| Тарақ | – | тарағым |
| Кітап | – | кітабым |
| Орындық | – | орындығым |

Қалай ойнау керек:

1. Мұғалім карточкаларды оқушыларға бір-бірден үлестіріп береді. Әр оқушы өз суретін есте сақтау керек.
2. Содан соң мұғалім карточкаларды жинап алып, суреттердің бетін төмен қаратып, үстелдің үстіне қояды да, бетіндегісін алып: – Мынау кімнің добы? – деп сыныпқа сұрақ қояды, егер доптың суретін алса.
3. Доптың «иесі»: – Мынау – менің добым, – деп жауап беруі тиіс.
4. Мұғалім келесі карточканы алып, – Мынау кімнің тарағы? – деп тағы сұрақ қояды.
5. – Мынау – менің тарағым, – деп жауап береді тарақтың суретін алған оқушы.
6. Ойын осылай соңғы сурет қалғанша жалғаса береді.

Келесі сабақта мұғалімнің орнына кез келген оқушы жүргізуші бола алады.

## 6-ОЙЫН. «БҰЛ СЕНІҢ СЫЗҒЫШЫҢ БА?»

Мақсаты: Тәуелдік жалғаудың 1, 2-жағын қолдануға жаттықтыру, болымды және болымсыз формада жауап беруге жаттықтыру.

Не дайындау керек: Парақтың көшірмесін жасап, оларды карточкаларға қию (42-бет).

Ойын алды жұмысы: Суреттегі заттардың атын еске түсіріп, қайталап шығу.

Қалай ойнау керек:

1. Мұғалім карточкаларды оқушыларға бір-бірден үлестіріп береді. Әр оқушы өз суретін есте сақтау керек.
2. Содан соң мұғалім карточкаларды жинап алып, суреттердің бетін төмен қаратып, үстелдің үстіне қояды. 1-ойыншы тақтаға шығады да, бетіндегі карточканы алып, әр оқушыға: – Мынау сенің сызғышың ба? – деп сұрақ қояды, егер сызғыштың суретін алса.
3. Сызғыш онікі болмаса: – Жоқ, бұл менің сызғышым емес, – деп жауап береді.
4. 1-ойыншы осы сұрақты әр оқушыға сызғыштың иесі табылғанша қоя береді.
5. Сызғыштың иесі табылғанда, ол: – Иә, бұл менің сызғышым, –деп жауап береді, де өзі үстелден карточканы алып, ойынды жоғарыда суреттелгендей жалғастырады.

# 7-ОЙЫН. «СЕН АЮСЫҢ БА?»

Мақсаты: Жіктік жалғауды қолдануға жаттықтыру, болымды және болымсыз формада жауап беруге жаттықтыру.

Не дайындау керек: Парақтың көшірмесін жасап, оларды карточкаларға қию (54-бет).

Ойын алды жұмысы: Суреттегі заттардың атын еске түсіріп, қайталап шығу.

Қалай ойнау керек:

1. Мұғалім карточкаларды оқушыларға бір-бірден үлестіріп береді. Әр оқушы өз суретін есте сақтау керек.
2. Содан соң мұғалім карточкаларды жинап алып, суреттердің бетін төмен қаратып, үстелдің үстіне қояды. 1-ойыншы тақтаға шығады да, бетіндегі карточканы алып, әр оқушыға: – Сен аюсың ба? – деп сұрақ қояды.
3. – Жоқ, мен аю емеспін, – деп жауап береді, басқа аңның суретін алған оқушылар.
4. 1-ойыншы осы сұрақты әр оқушыға аюдың суретін алған оқушы табылғанша қоя береді.
5. Іздегені табылғанда, ол: – Иә, мен аюмын, – деп жауап береді де, өзі үстелден карточканы алып, ойынды жоғарыда суреттелгендей жалғастырады.



# ГРАММАТИЧЕСКАЯ СКАЗКА ОТ ХАНСТВЕ БУКВ

## ЧАСТЬ 1

Было давным-давно ханство букв. И не было в этой стране ни законов, ни правил. Буквы строили такие слова, которые никто не понимал. Да и буквы сами тоже ничего не понимали, они всё спорили, кто из них важнее.

Послушал их споры хан. Думал он долго, как разрешить конфликт, и повелел:

– Впредь будете жить в разных дворцах!

И разделились буквы на четыре группы и поселились в четырёх разных дворцах. Согласные буквы разделились на глухие и звонкие. Гласные буквы разделились на твёрдые и мягкие.

Глухие согласные жили в Глухом дворце. В этом дворце двери и окна закрывались наглухо, да и сами согласные были настолько глухи, что никого не слышали, но прекрасно понимали друг друга.

Звонкие согласные жили в Звонком дворце. Они любили шум, звон, веселье и музыку, поэтому здесь можно было услышать звуки разных музыкальных инструментов.

Твёрдые гласные жили в Твёрдом дворце. Они были гордые, потому что считали, что без них невозможно построить ни одного слово, только благодаря им другие буквы будут услышаны. Любили они всё твёрдое и жёсткое. Они звучали так громко, что гулкое эхо слышалось во всём дворце.

Мягкие гласные жили в Мягком дворце. Они любили всё мягкое: мягкие игрушки, подушки, перины, поэтому во дворце можно было увидеть изобилие всякой мягкой мебели. Если твёрдые гласные считали себя чуть ли не самыми главными, мягкие гласные были совсем другого мнения. Они считали, что все буквы равны, что одни гласные без согласных ничего не могут означать.

И жили буквы во дворцах дружно, весело. Но не это было их предназначением на земле, ведь не для того же придумали их люди, чтоб они веселились и ничего не делали.

| | |
|---|---|
| Мягкие гласные | **ә, ө, і, ү, е.** |
| Твёрдые гласные | **а, о, у, ұ, ы, (э, ю, я)** |
| Глухие согласные | **к, қ, п, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ.** |
| Звонкие согласные | **ж, з, й, л, м, н, ң, р, ғ, (б, в, г, д).** |

# МЯГКИЙ ДВОРЕЦ



Буква «И» – большая любительница ходить в гости, поэтому её можно увидеть как в Мягком, так и в Твёрдом дворце. Вот она на облочке прибыла в Мягкий дворец.

# ТВЁРДЫЙ ДВОРЕЦ



Эти буквы любят все твёрдое и жёсткое. Теперь «И» в Твёрдом дворце.

# ГЛУХОЙ ДВОРЕЦ



А эти буквы настолько глухи, что никого не слышат, но прекрасно понимают друг друга.

# ЗВОНКИЙ ДВОРЕЦ



Эти – любят шум, звон, веселье и музыку, поэтому в Звонком дворце можно услышать звуки разных музыкальных инструментов.





Слова в казахском языке бывают мягкие и твёрдые.

Если в слове есть мягкие гласные **ә, ө, і, ү, е,** то эти слова называются мягкими. Например, ***түлкі*** – слово мягкое, потому что в нём есть мягкие гласные **ү, і;** ***өзен*** – слово мягкое, потому что в нём есть мягкие гласные **ө, е.**

Если в слове есть твёрдые гласные **а, о, у, ұ, ы,** то они называются твёрдыми словами. Например, ***тақта*** – слово твёрдое, потому что в нём есть твёрдая гласная **а;** ***құмырсқа*** – слово твёрдое, потому что в нём есть твёрдые гласные **ұ, ы, а.**

В казахском языке встречаются слова, в которых есть и твёрдые, и мягкие гласные. Например, ***бірақ, біраз.***

Буква **и** встречается и в мягких словах – ***киім, тиін***, и в твёрдых словах – ***бидай, мұхит.***

## ЧАСТЬ 2

Надо сказать, что хан этой страны был очень мудрым, справедливым и строгим, он любил согласие и порядок. И указы соответствовали его принципам.

По ханскому указу буквы должны были строить или мягкие слова, или твёрдые слова. (*Правда, бывали исключения, о них узнаете позже*).

Слова можно было удлинять, и при этом нужно было придерживаться строгих правил. Если это было твёрдое слово, то и суффиксы, и окончания непременно должны были быть твёрдыми, и наоборот, если слово мягкое. то и суффиксы, и окончания тоже должны были быть мягкими.

Хан наделил твёрдые и мягкие гласные равными правами. С тех пор и по сей день они образуют пару всяким суффиксам и окончаниям. Правда, есть небольшие исключения в пользу мягких гласных (инструментальный падеж, притяжательная форма – суффиксы ***-нікі, -дікі, -тікі***).

Согласные буквы тоже имели свой вес. Например, если согласная буква находилась в конце слова, она становилась гласной, потому что она решала, кого брать себе в соседи. Если эта буква была из Глухого дворца, значит, и сосед, то есть первая буква окончания или суффикса, просто обязан был быть из того же дворца, а если последняя буква гласная или была из Звонкого дворца, то и сосед тоже должен был быть из Звонкого дворца.

Например:

**мектеп [те],** **айна [да].**

# МАЗМҰНЫ


*1-3 сабақ.* **Біздің мектеп** .................... 4
*4-6 сабақ.* **Сабақта** ............................ 6
*7-9 сабақ.* **Асхана** ............................... 8
*10-12 сабақ.* **Біздің аула** .................... 10
*13 сабақ.* **1-ойын. «Бұл қоян ба?»** ....... 12
*14-15 сабақ.* **Есіңде ме?** ..................... 14
*16-18 сабақ.* **Аланда** ........................... 16
*19 сабақ.* **2-ойын. «Бұл ат па?»** .......... 18
*20-22 сабақ.* **Саябақта** ........................ 20
*23 сабақ.* **3-ойын. «Бұл қайшы ма?»** .... 22
*24-26 сабақ.* **Сырғанақта** ..................... 24
*27-29 сабақ.* **Қысқы демалыста** .......... 26
*30-32 сабақ.* **Асхат** ............................. 28
*33-34 сабақ.* **Есіңде ме?** ...................... 30
*35 сабақ.* **4-ойын. «Кімнің иті?»** ......... 32
*36 сабақ.* **5-ойын. «Кімнің добы?»** ...... 33
*37-39 сабақ.* **Менің отбасым** ............. 34
*40-41 сабақ.* **Неше? Қанша?** ............. 36
*42-43 сабақ.* **Нешінші?** ......................... 38
*44-45 сабақ.* **Апта, айлар** ................. 40
*46 сабақ.* **6-ойын. «Бұл сенің сызғышың ба?»** ............................................. 42
*47-48 сабақ.* **Есіңде ме?** .................. 44
*49-51 сабақ.* **Жыл мезгілдері. Қыс** ...... 46
*52-54 сабақ.* **Көктем** .......................... 48
*55-57 сабақ.* **Жаз** ................................ 50
*58-60 сабақ.* **Күз** ................................ 52
*61 сабақ.* **7-ойын. «Сен аюсың ба?»** ....... 54
*62-64 сабақ.* **Мейрамдар. Жаңа жыл** ...... 56
*65-66 сабақ.* **Есіңде ме?** ................... 58
*67-69 сабақ.* **Наурыз** .......................... 60
*70-72 сабақ.* **Туған күн** ....................... 62
*73-75 сабақ.* **Өзенде** ............................ 64
*76-78 сабақ.* **Лагерьде** ........................ 66
*79-80 сабақ.* **Есіңде ме?** ................... 68
**Ойындардың шарты** .......................... 70
**Грамматическая сказка о ханстве букв** ............................................. 74



*Учебное издание*

**Кудайбергенова Атлас Матжановна**
**Кудайберген Римма Төлегенқызы**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**
Учебник для 2-го класса общеобразовательной школы
с русским языком обучения

Генеральный директор *З. Тен*
Редактор *А. Акишева*
Художники *М.Т. Палаткин, С. Герасимова*
Дизайн, верстка *Л. Баирова*
Корректор *С. Ибраева*

Подписано в печать 20.09.09. Формат 60х84$^{1}/_{8}$. Бумага офс.
Печать офс. Гарнитура «TimesKaz». П.л. 10,0. Заказ № 43.

Отпечатано в Издательской компании «Раритет».
Адрес редакции: 050022, г. Алматы, ул. Масанчи, 98.
Тел./факс: 8 (727) 292-87-18, 260-67-08, 292-88-36
E-mail: rarity_pc@mail.ru